

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Басқармасының  
2009 жылғы 20 қарашадағы  
шешімімен (№28 хаттама)  
мақұлданды

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2010 жылғы 10 наурыздағы  
шешімімен (№3/2010 хаттама)

## **«ҚазТрансОйл» АҚ-тың әлеуметтік жауапкершілік КОДЕКСІ**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Компания) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, Қазақстан Республикасының халқына өз қызметінен барынша көп пайданы қамтамасыз ету мақсатында Компания жұмыскерлерінің, Компания қызметі өңіріндегі халықтың және жалпы қоғам өміріне әлеуметтік жауапты қатысуы бойынша ерікті міндеттемелер қабылдайды.

Әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз - Компанияның, мемлекеттің және бизнестің өзара мүдделеріне жауап беретін ерікті түрде қабылданған міндеттемелерді орындау.

Әлеуметтік жауапкершілік мемлекет функцияларын қайталамайды және алмастырмайды.

Компания әлеуметтік жауапкершіліктің рөлін Компанияның негізгі қызметімен тікелей байланысты және Компанияның мүмкіндіктеріне сәйкес заңмен белгіленген ең төменгі деңгейден асатын әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы қоғамның дамуына бизнестің ерікті үлесі ретінде көреді.

Әлеуметтік жауапкершілік кодексін қабылдай отырып, Компания осы міндеттемелер: көбіне Қазақстан Республикасының заңнамасына қатысты қосымша болып табылатынын;

Компанияның жұмыскерлеріне, жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне, Компанияның Жалғыз акционеріне, коммерциялық серіктестерге, сонымен қатар мемлекет пен азаматтық қоғамдастыққа бағытталғанын;

Компания мен жұмыскерлер арасында жасалған еңбек шарттарының әрекетін жоймайтынын және ауыстырмайтынын;

нарыққа қатысушылардың бірлескен бастамашыл әрекеттеріне және мемлекетпен және қоғаммен әріптестік өзара қарым-қатынастарға есептелгенін;

Компанияның өндірістік-қаржылық көрсеткіштері мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі ескеріле отырып, кезең-кезеңімен қайта қаралатынын растайды.

Компания әлеуметтік аспект іскерлік бедел үшін маңызды бола бастағанына сенімін білдіреді, осы үрдістің әлемде таралуын және төмендегілерге мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылатынын қолдайды:

бизнестің іскерлік беделін арттыруға, барлық мүдделі тараптармен - мемлекетпен, Жалғыз акционермен, тұтынушылармен, персоналмен, серіктестермен және т.б. тиімді және теңгерімді қатынастар орнатуға;

бизнес-процесте туындайтын өндірістік емес тәуекелдерді тиімді басқаруға;

серіктестермен және қызметтерді жеткізушілермен шарттық міндеттемелерді сапалы орындау арқылы бизнестің үдемелі дамуын қамтамасыз етуге.

Компания өзінің символикасы мен тауарлық белгілерін қоғамда әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлықпен және нақты әлеуметтік бастамалармен және жобалармен байланыстыруға тырысады.

## **ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ**

Компания қазіргі әлемде қоғам мен мемлекет алдындағы әлеуметтік жауапты мінез-құлық, сайып келгенде, Компанияның тұрақты дамуына ықпал ететіндігін мойындайды. Осыған байланысты Компания әлеуметтік жауапкершілікті терең қабылдайтынын және оны өз қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қабылдайтынын нақты айқындау қажет.

Компания өзінің әлеуметтік қызметінде әлеуметтік сипаттағы басым мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, халықаралық және қоғамдық маңызы бар республикалық акцияларды іске асыруға белсенді қатысады.

### **1. Транспаренттілік/ашықтық**

Компания бұқаралық ақпарат құралдарында, Компанияның веб-сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы өз қызметінің нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ниеттері мен іс-әрекеттерінің ашықтығы мен айқындығы саясатын ұстанады.

Мұндай саясат алға қойылған мақсаттарға жету жолындағы кедергілерді барынша тиімді жоюға мүмкіндік береді, сондай-ақ тұтастай алғанда Компанияның қызметіне сенімді қарым-қатынас құруға ықпал етеді.

### **2. Бастамашылық**

Компанияның қызметі қоғамда болып жатқан кез-келген оқиғаларға реакцияның нәтижесі ғана емес, сонымен бірге қоғамның даму деңгейінің өзгеруін басқару бойынша белсенді ұстанымға бағытталған, оның ең жақсы әлемдік стандарттарға жақындауына ықпал етеді.

### **3. Экономикалық тиімділік**

Компания жүзеге асыратын іс-шаралар күтілетін және болжамды қайтарымы бар әлеуметтік инвестицияларды білдіреді. Әлеуметтік инвестициялар Компанияның стратегиялық, мақсатты ұзақмерзімді саясатын білдіреді. Бұл ретте іс-шаралардан әлеуметтік пайда алу қоғамның экономикалық және мәдени өміріндегі сапалы өзгерістерді білдіреді.

Сонымен қатар, Компания әлеуметтік шығыстарға тұрақты мониторинг жүргізуді және талдауды жүзеге асырады, олардың тиімділігін бағалайды және Компанияның әлеуметтік қызметіне салынған қаражат пен бағыттардың тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау жүйесінің көмегімен осы салаға енгізілетін өзгерістердің салдарын болжайды.

Тиімділікті бағалау жүйесі келесілерден тұруы керек:

корпоративтік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатының тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау;

халықпен өзара қарым-қатынастардағы қызметтің тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау;

Компанияның капиталдануы артуының әлеуметтік саясатқа салынған қаражатқа тәуелділігін анықтау.

## **КОМПАНИЯ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНЕ, МҮГЕДЕКТЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР**

**4. Еңбек, жұмыспен қамту және өндірістік қатынастар мәселелерін әлеуметтік-жауапты реттеу**

#### 4.1. Еңбекке ақы төлеу және еңбек уәждемесі саясаты.

Жұмыскерлермен қарым-қатынаста еңбекке ақы төлеу және еңбек уәждемесі саясатының негізге алынатын сипатын ескере отырып, Компания оны келесі қағидаттар негізінде құратын болады:

Компания жұмыскерлері үшін қолданылатын еңбекке ақы төлеу стандарттары мен механизмдеріндегі еңбекке ақы төлеу және еңбек уәждемесі саясатының біртұтастығы;

Компанияда жұмыскерлердің барлық кәсіби-біліктілік топтары үшін негізгі өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру және жергілікті жағдайларды ескере отырып, белгілі бір табыс беру қажеттілігі есебінен заңмен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен асатын еңбекақы деңгейін белгілеу;

жалақының әділ және бәсекеге қабілетті деңгейін белгілеу және қолдау;

бөлімшелер ішінде және арасында әділ және келісілетін жалақы мөлшерін қамтамасыз ету;

жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу мен еңбек уәждемесі жүйесінің объективтілігі және оның республикалық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігі.

#### 4.2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.

Барлық бөлімшелерде әлемдегі алдыңғы қатарлы компаниялар деңгейіндегі қауіпсіздікті, еңбек пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Компания келесі шараларды қабылдайды:

өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты жұмыскердің өмірі мен денсаулығын сақтау басымдығы қағидатын сақтайды;

Компания үшін жұмыс жүргізетін мердігерлердің компанияда қарастырылғаннан төмен емес өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар мен нормаларды сақтауын бақылайды;

барлық мүдделі тараптармен, соның ішінде жұртшылықпен ашық диалогты қолдайды, бұқаралық ақпарат құралдарында, Компанияның веб-сайтында компанияның табиғатты қорғау қызметінің нәтижелерін тұрақты түрде орналастырады, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасайды.

### **5. Еңбек жағдайларының, жұмыскерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасы**

#### 5.1. Негізгі еңбек жағдайлары.

Компания Компаниядағы барлық жұмыс орындарының қауіпсіз болуын және эргономикалық ұйымдастырылуы мен санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз етуге тырысады.

#### 5.2. Денсаулықты қорғау.

Әрбір жұмыскердің физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында Компания келесі жұмыстарды жүргізеді:

жұмыскерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

оларды жою жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында жұмыскерлердің сырқаттанушылық, мүгедектікке шығу және Қоғамдағы өлім-жітім себептерін есепке алуды және талдауды ұйымдастырады;

еңбекті ұйымдастыру қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Компания жұмыскерлерінің еңбек жағдайларына мониторинг жүргізеді;

жүкті әйелдердің, бала емізетін аналардың, көп балалы аналардың құқықтарын мақсатты және мамандандырылған қорғауға алуды бақылауды жүзеге асырады.

#### 5.3. Өлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания жұмыскерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде олардың өмірі мен денсаулығына зиян

келтірген үшін жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады.

Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік жүйелеріне қатысу және барлық жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді сақтай отырып, Компания қосымша әлеуметтік сақтандыруды және жұмыскерлер ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру нысанында әлеуметтік қамсыздандыруды қолдайды.

5.4. Әлеуметтік инфрақұрылымды пайдаланғаны үшін Компания жұмыскерлеріне жасалатын жеңілдіктер мен артықшылықтар.

Компанияның және оның еншілес ұйымдарының әлеуметтік инфрақұрылымын пайдаланғаны үшін жұмыскерлерге, олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеудің әртүрлі деңгейі белгіленеді. Бұл тәсіл мыналарға мүмкіндік береді:

- компания жұмыскерлеріне қамқорлық көрсету;
- қызметтерді тұтынуға бақылау орнату;
- қызмет көрсету спектрін тұрақты дамытуды және кеңейтуді қамтамасыз ету.

5.5. Сауықтыру, спорт, дене шынықтыру және демалысты ұйымдастыру.

Салауатты өмір салтын қолдау және дамытуға ықпал ете отырып, Компания:

жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру және денешынықтыру және спортпен айналысуға тарту жөніндегі кешенді іс-шараларды әзірлейді және іске асырады; корпоративтік бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, жұмыскерлер арасында салауатты өмір салтын және профилактикалық медициналық іс-шараларды жүйелі насихаттауды жүргізеді.

5.6. Еңбек және отбасылық міндеттемелерді байламды үйлестіру.

Адам өмірі үшін еңбек және отбасылық міндеттерді үйлестірудің маңыздылығын мойындай отырып, Компания ақылы, сондай-ақ жалақы сақталмайтын әлеуметтік демалыстар беру бойынша қосымша міндеттемелер қабылдайды.

5.7. Жас жұмыскерлерге қатысты саясат.

Компанияның тұрақты даму әлеуеті білікті және құзыретті жас жұмыскерлердің ағымына байланысты екенін ескере отырып, Компания үнемі:

жас мамандарды тарту мақсатында кадрлар мен кадр резервін ротациялау бағдарламасын құруға;

тәлімгерлік мектебін жаңғыртуға жәрдемдесуге бағытталған саясатты жүргізеді.

5.8. Жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау.

Компания Компанияда жұмыс істеген кезде мүгедек болып қалған және жұмыстан шығып кеткен, сондай-ақ зейнетке шыққан Компания жұмыскерлерін әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелер алады:

Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне және Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне, мерейтойларға, қайтыс болған жағдайда жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек төлеу;

егер мүгедек көмек пен күтімнің осы түрлеріне мұқтаж және оларды тегін алмайды деп танылса, мүгедектердің емделуіне, қосымша тамақтануына, дәрі-дәрмек сатып алуына, протездеуіне, басқа адамның күтіміне, санаторий-курорттық емделуіне, арнайы көлік құралдарын сатып алуына, басқа кәсіпке дайындалуына және т. б. материалдық көмек төлеу;

моральдық-психологиялық қолдау көрсету үшін Компания өткізетін мерекелік және салтанатты іс-шараларға Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлерін шақыру.

## **КОМПАНИЯНЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫ ҚАТЫСУЫ**

Әлеуметтік жауапкершілікті түсіне отырып, Компания қызмет жүргізетін өңірлердегі жергілікті тұрғындардың өміріне де, сондай-ақ жалпы қоғамның өміріне де әлеуметтік жауапты қатысу бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

### **6. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау**

Компания қолайлы қоршаған ортаны сақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінеді, сондай-ақ қоғамның да осы саладағы Компания алдында тұрған міндеттердің күрделілігі мен ауқымдылығын түсінуіне үміттенеді, ол үшін:

өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы Компания қызметінде мерзімді ақпарат беруді және барлық мүдделі тараптармен ашық диалогты қолдайды;

жалғыз акционер, серіктестер және Компания қызметінің аудандарында тұратын халық арасында денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау мәселелерін түсінуді құптайды.

### **7. Өңірлер экономикасы**

Жергілікті бюджеттің салық төлеушісі бола отырып, Компания осы өңірлер ұшырайтын әлеуметтік тәуекелдерді түсінеді. Өңірлердің әлеуметтік тәуекелдерін азайту мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджетке төлемдер жасайды.

### **8. Спорт және мәдениет**

Жалпы мәдениет деңгейін және халықтың салауатты өмір салтын дамытудың маңызын мойындай отырып, Компания шығармашылық тұлғалар мен ұжымдарды, спорттық командалар мен жекелеген спортшыларды, балалар мен жасөспірімдер спорт ұйымдарын қолдауды құптайды.

### **9. Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) қызметі**

Компания кез келген қоғамдағы демеушілік (қайырымдылық) қызметтің өлшеусіз құндылығын тани отырып, демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету үшін қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланады:

жеке тұлғаларға - еңбек ардагерлеріне, мүгедектерге, жетім балаларға, өндірісте қаза тапқан компания жұмыскерлерінің отбасыларына, сондай-ақ дүлей апат салдарынан зардап шегушілерге;

әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік бюджеттік ұйымдарға - ауруханаларға, балалар үйлеріне, қарттар үйлеріне, білім беру мекемелеріне және ғылым және мәдениет мекемелеріне;

қайырымдылық ұйымдарына;

Компания жетім балаларға қамқорлық жасауды өзінің демеушілік (қайырымдылық) қызметінің басым бағыттарының бірі деп санайды.

Демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуге арналған қаражат Компанияның бюджетіне күнтізбелік жыл шеңберінде салынады. Компания жұмыскерлердің ерікті негізде демеушілік (қайырымдылық) қызметке қатысуына жол береді.

## ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Компания төменде баяндалған экономикалық көздер мен механизмдерді пайдалана отырып орындауға ниетті экономикалық ақталған әлеуметтік және этикалық міндеттемелерді алады.

### 10. Әлеуметтік шығындарды үздіксіз бақылауды жүзеге асыру

Компания әлеуметтік шығыстарды тұрақты бақылау, олардың тиімділігін бағалау және осы салада енгізілетін барлық өзгерістердің салдарын болжау мақсатында Компанияның әлеуметтік шығындарын есепке алудың, талдаудың және мониторинг жүргізудің бірыңғай орталықтандырылған жүйесін көздейді.

10.1. Денсаулық сақтау жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынуды бақылау.

Компания ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы шеңберінде жұмыскерлерге медициналық қызмет көрсетуге арналған шығыстардың негізсіз өсуін тежеу мақсатында:

өзара іс-қимыл жасайтын сақтандыру медициналық компаниясы арқылы медициналық мекемелер шоттарын медициналық-экономикалық сараптаманы, медициналық көмек сапасын жоспарлы және мақсатты сараптаманы, сондай-ақ компанияның сақтандырылған жұмыскерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс шеңберінде сараптаманы қамтитын көрсетілетін медициналық көмектің көлемін, мерзімдерін және сапасын бақылауды жүзеге асырады;

өзара іс-қимыл жасайтын сақтандыру медициналық компаниясынан қаржыландыру көлемін келісу кезінде Компанияның сақтандырылған жұмыскерлерінің медициналық қызметтерді тұтыну талдаудан тұратын есеп ұсынуды талап етеді.

10.2. Компанияның демеушілік (қайырымдылық) қызметін жүзеге асыруды бақылау.

Демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету үшін бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылау мақсатында Компания мынадай қағидаттарды ұстанады:

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі;

Компания Стратегиясының сәйкестігі;

шешім қабылдаудың алқалылығы, объективтілік, ашықтық және жалпы Компания бойынша көмек көрсету процесінің есептілігі;

демеушілік көмек жүйелілігі мен сабақтастығы;

халықтың әлеуметтік осал топтарын атаулы қолдау.

### 11. Әлеуметтік қызметтер өндірісінің тиімділігін арттыру

Өндірісті басқарудағы заманауи тенденцияларға сүйене отырып және тұтынушының жеке таңдау еркіндігін құрметтей отырып, Компания негізгі өндіріске жатпайтын әлеуметтік және басқа да қызметтер өндірісін өз күшімен барынша азайтуға ұмтылады. Компания көптеген әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін адал бәсекелестік негізінде тәуелсіз мердігерлер мен жеткізушілерді тарту арқылы осы мақсатта аутсорсингті пайдалана алады. Компания мынаны мойындайды, аутсорсинг:

Компанияның ішкі шығындарын азайтады;

қызметтер нарығында жұмыскерлердің мүдделерінің, құқықтары мен құралдарының қорғалу деңгейін сақтайды;

тұтынушы үшін таңдау еркіндігін кеңейтеді;

жергілікті қызметтер нарығын дамытуға жәрдемдеседі;

адал бәсекелестік арқылы «баға-сапа» арақатынасын жақсартуға ықпал етеді.

### 12. Бірлескен қаржыландыру қағидаттарын іске асыру

Компания әлеуметтік игіліктерді өндіру үшін қаржыландырудың әртүрлі көздерін біріктіру фактісінің тең құқылы тараптар диалогына дұрыс негіз қалыптастыратынын мойындайды.

Компания қызмет жасайтын өңірдің кешенді әлеуметтік-экономикалық игілігі үшін және онда қолайлы іскерлік климатты құру үшін Компания өзінің орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста ынтымақтастыққа ұмтылады.

Қызмет аймағындағы географиялық, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа да өмір сүру жағдайларының санқырлылығын ескере отырып, Компания өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамыту барысында қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастыруға, мемлекетпен және жергілікті басқару органымен жауапкершілікті бөлісуге ұмтылады.

Осы мақсатта Компания мынадай мүмкіндіктерді пайдаланады:

Компанияның және оның еншілес ұйымдарының әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымына жергілікті халықтың қол жетімділігін беру;  
демеушілік (қайырымдылық) қызметті жүзеге асыру.

### **13. Әлеуметтік жауапты инвестициялау**

Компания қазіргі заманда қызметкерлер мен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапты мінез-құлық жалпы, сайып келгенде, Компанияның капиталдануын арттыруға қызмет ету фактісін мойындайды.

Компания осыған байланысты уақыт өте келе қоғам қатаң бағалайтын салалардағы ең жоғары стандарттарға сәйкес келуге тырысады.

Бағалы қағаздар мен материалдық өндіріске инвестиция салу арқылы Компания осы операцияның экономикалық мәнін бұзбай, этикалық және әлеуметтік аспектілерді ескеруге тырысады. Компания өзі жүзеге асыратын инвестициялардың мыналарға ықпал етуі керек: қатысатын өңірлерде өндірістік экономикалық базаның дамуына;  
табиғи ортаны сақтауына;  
еңбек құқығын іске асыруына.

Компания мәжбүрлі еңбекті, балалар еңбегін қолданудан, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруден туындайтын капиталды көбейтуге және пайдалануға қарсы тұру үшін қажетті хабардарлық пен сақтық танытады.

### **14. Мердігерлермен және жеткізушілермен әлеуметтік жауапты қатынастар**

Қазіргі заманғы қарым-қатынас стандарттары Компаниядан жеткізушілердің және мердігерлердің әрекеттеріне жауап беруді талап ететінін ескере отырып, Компания оларды таңдауға жауапкершілікпен қарайды.

Осыған байланысты Компания дамытуға міндеттенетін Компаниядан есепке алудың, іріктеудің және мониторингтің арнайы жүйесін талап етеді. Бұл ретте Компания жеткізушілерді және мердігерлерді таңдауының негізгі өлшемдерінің қатарына өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімді саясат жүргізу кіреді.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Әлеуметтік жауапты іс-қимыл бойынша қабылданған міндеттемелердің тұрақтылығын және күрделілігін растау үшін Компания осы Кодекстің сақталуы үшін ішкі бақылау механизмін қолданысқа енгізеді. Компания, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуы туралы қоғамға ақпаратты беруге өзінің дайындығын растайды. Коммерциялық ұйымның әлеуметтік міндеттемелерді бір жақты қабылдауы мүмкін еместігін назарға ала отырып, Компания нарықтың басқа қатысушыларының ортақ ұстанымына және мемлекет тарапынан мүдделі ынтымақтастыққа сүйенеді.